

**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Оқу ағарту министрілігі
Сараптамалық кеңестің хаттамасы

ж. №

«БЕКІТІЛГЕН»

ХҒБДО директорының
бұйрығымен

ж.

№

**«Көркем еңбек пәні мұғалімдерінің шығармашылық және
коммуникативтік soft skills дағдыларын жетілдіру»
педагогтердің біліктілік арттыру курсының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Оқыту нысаны: күндізгі/қашықтықтан

Мақсатты аудитория: көркем еңбек пәні мұғалімдері

Сағат саны: 80 сағат

Орал қ.
2025 жыл

ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:

Джонисова Гульжиян Кабдолгалиевна - ХҒБДО тренері, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Арыстанова Асель Бекбулатовна - ХҒБДО тренері, философия докторы (PhD);

Хабадашев Нурдаулет Аскарлович – М.Өтемісов атындағы БҚУ, Көркем еңбек және мектептегі дизайн мұғалімдерін, сән және дизайн мамандарын дайындау білім беру бағдарламалары бөлімінің оқытушысы, өнертану ғылымдарының магистрі, Еуразия дизайнерлер Одағының мүшесі;

Атауова Амина Беркиновна - Орал қаласы Эстетикалық бағыттағы гимназия, көркем еңбек пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші;

Каким Алпамыс Кенжебекулы - Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Казталов ауданы білім беру бөлімінің Ақпәтер жалпы орта білім беретін мектебі, көркем еңбек пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші;

Гайнеденов Мейирбек Рашиденович – Орал қаласы №18 мектеп балабақша-бөбекжай кешені, көркем еңбек мұғалімі, педагог-сарапшы;

МАЗМҰНЫ

1 – бөлім	Жалпы ережелер	4 бет
2 – бөлім	Глоссарий	10 бет
3 – бөлім	Бағдарлама тақырыбы	12 бет
4 – бөлім	Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	18 бет
5 – бөлім	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	20 бет
6 – бөлім	Оқу процесін ұйымдастыру	33 бет
7 – бөлім	Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	34 бет
8 – бөлім	Оқу нәтижелерін бағалау	37 бет
9 – бөлім	Курстан кейінгі қолдау	42 бет
10 – бөлім	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	44 бет

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Көркем еңбек пәні мұғалімдеріне арналған «Көркем еңбек пәні мұғалімдерінің шығармашылық және коммуникативтік soft skills дағдыларын жетілдіру» тақырыбында педагогтардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы.

Осы білім беру бағдарламасы «Көркем еңбек пәні мұғалімдерінің шығармашылық және коммуникативтік soft skills дағдыларын жетілдіру» тақырыбында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатына, стратегиялық құжаттарына, сондай-ақ, әлемдік білім беру кеңістігіндегі заманауи үрдістерге сәйкес әзірленді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы екінші қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және әлеуметтік мәртебесін көтеруге көңіл бөлген абзал. Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек. Жалпы, бұл бағыттағы жұмыстың беталысы жақсы, оны жалғастыру қажет.»- деген болатын. Осы тұрғыда, қазіргі кезде педагогтердің икемді дағдыларын (soft skills) жетілдіру өзекті болып тұр.

Бағдарлама төмендегі негізгі ережелер мен талаптарды ескере отырып жасақталған:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319-ІІІ Заңы.

2. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. Бағдарлама білім беру саласындағы заманауи талаптар мен міндеттерге, тұжырымдамада айқындалған стратегиялық бағыттарға сәйкес әзірленді. Білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарын іске асыру контекстінде soft skills қалыптастыру қажеттілігін негіздеу болып табылады. Soft-skills – педагог кадрлардың ғылыми-ілімдік, кәсіптік, әдістемелік, мәдени деңгейін сапалы көтеру бойынша ұжымдық, топтық, жеке жұмыстар жүйесін қосатын кешенді және шығармашылық даму үрдісі. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету және заманауи еңбек нарығының талаптарына сай икемді дағдыларды дамыту қажеттілігін айқындайды. Тұжырымдамада педагогтердің кәсіби шеберлігін кеңейту, инновациялық оқыту әдістерін енгізу, оқу үрдісінің

сапасын арттыру бағыттары белгіленген, бұл soft skills дағдыларының дамуына жағдай жасайды (оның ішінде коммуникативтік, сыни ойлау сияқты дағдылар).

3. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы. Бағдарлама педагогтің мәртебесін арттырып, кәсіби дамуына мүмкіндік береді.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

5. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы (30, 31, 66 қосымшалары).

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары» туралы 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы;

7. «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы.

8. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы;

9. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы;

10. «Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 Қаулысы.

11. Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылған «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат (05.06.2025 жылғы №2 хаттама).

Аталған нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау жүргізу кезінде мына мазмұндарға басымдықтар берілді:

- білім беру сапасын арттыруға бағытталған құзыреттілікке негізделген оқыту моделін жүзеге асыру және педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту;
- педагог кадрлардың үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету, олардың кәсіби, тұлғалық және коммуникативтік құзыреттерін жетілдіру;
- педагог мәртебесін арттыру контексінде мұғалімнің кәсіби дербестігін,

жауапкершілігін және шығармашылық белсенділігін қолдау;

- білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттар талаптарына сәйкес soft skills дағдыларын қалыптастыру және дамыту;

- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлауын, коммуникативтік қабілеттерін дамытуда педагогтің тиімді қарым-қатынас орната білу, көшбасшылық және фасилитациялық рөлін күшейту;

- білім беру процесінде психологиялық қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру, педагогтің эмоционалдық интеллекті мен кәсіби тұрақтылығын дамыту;

- оқыту мазмұны мен әдістерін жаңарту барысында пәндік және метапәндік нәтижелердің үйлесімділігін қамтамасыз ету;

- цифрлық трансформация жағдайында педагогтің цифрлық және коммуникативтік soft skills дағдыларын кешенді дамыту;

- жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды қолдану жағдайында педагогтің сыни пайымдау, этикалық жауапкершілік және кәсіби шешім қабылдау қабілеттерін қалыптастыру;

- педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын жобалау мен іске асыруда тәжірибеге бағытталған, тренингтік және рефлексиялық оқыту форматтарына басымдық беру.

Бұл құжаттар негізінде курс мына қажеттіліктерді өтейді:

- педагогтердің кәсіби қызметін қазіргі мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарына сәйкестендіру қажеттілігін;

- білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарда айқындалған құзыреттерді, соның ішінде soft skills дағдыларын дамыту қажеттілігін;

- педагогтердің коммуникативтік, тұлғалық және әлеуметтік дағдыларын жүйелі түрде жетілдіру арқылы оқыту сапасын арттыру қажеттілігін;

- педагог мәртебесін арттыру және кәсіби дамуға жағдай жасауға бағытталған мемлекеттік қолдау тетіктерін іске асыру қажеттілігін;

- құзыреттілікке негізделген оқыту моделін жүзеге асыру аясында педагогтердің пәндік және метапәндік құзыреттерінің үйлесімділігін қамтамасыз ету қажеттілігін;

- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда педагогтің көшбасшылық, фасилитациялық және ынталандырушы рөлін күшейту қажеттілігін;

- педагогтердің кәсіби қызметінде эмоционалдық интеллект, стресс-менеджмент және конфликтология дағдыларын қалыптастыру қажеттілігін;

- білім беру процесінде психологиялық қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын құру қажеттілігін;

- білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясы жағдайында педагогтердің цифрлық коммуникация және цифрлық этика дағдыларын дамыту қажеттілігін;

- жасанды интеллект пен заманауи цифрлық технологияларды қолдану

барысында педагогтің сыни ойлау, жауапты шешім қабылдау және кәсіби этика қағидаларын сақтау қажеттілігін;

- педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын тәжірибеге бағытталған, икемді және нәтижеге бағдарланған форматта ұйымдастыру қажеттілігін.

Бағдарлама педагогтің кәсіби қызметінде пәндік біліммен қатар, коммуникативтік, тұлғалық, әлеуметтік және көшбасшылық дағдылардың маңыздылығының артуына байланысты туындаған өзекті қажеттіліктерді ескере отырып жасалды.

Бағдарламаның өзектілігі Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан білім беру сапасын арттыру, педагог мәртебесін күшейту, құзыреттілікке негізделген оқыту моделіне көшу сияқты жалпы мемлекеттік басымдықтармен тікелей байланысты. Сонымен қатар, бағдарлама мұғалімнің кәсіби дамуы, үздіксіз білім алу, педагогтің тұлғалық әлеуетін арттыру мәселелерін қамтитын ұлттық және салалық нормативтік-құқықтық актілер талаптарын басшылыққа алады. Әлемдік білім беру трендтері педагогтің soft skills дағдыларын дамыту – ХХІ ғасыр мұғалімінің кәсіби табыстылығының негізгі шарттарының бірі екенін көрсетеді.

OECD Skills Outlook 2025 баяндамасы бойынша: ХХІ ғасыр дағдыларының құрамына әлеуметтік және эмоционалдық дағдылар (мысалы, эмоционалдық тұрақтылық, ынтымақтастық, ашықтық) кіреді, олар жұмысқа орналаса білу және жеке өмірде табысқа жетуде маңызды рөл атқарады. Бұл дағдыларды меңгерген адамдар икемді, өзгерістерге бейімделе алады және күрделі жағдайларда үйлесімді әрекет ете алады. Балалар мен ересектердің әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды меңгеруі олардың оқу жетістігіне, жұмыстағы табысына және әлеуметтік қатынастарға тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, OECD Future of Education and Skills 2030/2040 бастамасы «Teaching Compass» және «Learning Compass» концепциялары арқылы білім беру жүйесіне оқушылар мен мұғалімдердің білім, дағдылар, көзқарастар және құндылықтарды бірге дамыту қажет екенін көрсетеді. Бұл жобалар педагогтің өзіне де soft skills дағдыларын дамыту қажеттігін айқындайды, өйткені олар оқушыларды да осы дағдыларға бағыттайды.

UNESCO білім беру трендтері туралы құжаттарда ХХІ ғасыр білім беруіне қажетті негізгі дағдылар атап көрсетіледі, соның ішінде, сыни ойлау, шығармашылық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдылар – бұл дағдылар оқу және еңбек нарығында табысқа жетудің негізі болып табылады.

БҰҰ-ның басқа да білім беру шеңберлерінде (мысалы, Education for Sustainable Development – ESD) оқушылар мен мұғалімдерге қызығушылық, өзгерістерге бейімделу және шешім қабылдау дағдыларын дамыту тапсырылған. Бұл soft skills дағдыларының білім беру үрдісінде маңызды екенін көрсетеді.

OECD Skills Outlook 2025 баяндамасында әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар (мысалы, тұтастық, ашықтық) мен ақпарат өңдеу дағдылары (ске адамдар дағдыларды меңгерген сайын еңбек нарығында табысты болу ықтималдығы жоғары) интеграцияланған зерттеу нәтижелері берілген.

OECD орта есеппен literacy (оқу-жазу), numeracy (сандық сауаттылық) және adaptive problem solving (икемді проблемаларды шешу) сияқты дағдылардың өзара байланысын талдап, 0.84–0.87 аралығында корреляция бар екенін көрсеткен. Бұл дағдылардың soft skills элементтерімен (мысалы эмоционалды тұрақтылық) өзара әрекетін көрсетеді.

Аталған бағдарлама көркем еңбек пәнінің мазмұндық ерекшелігін ескере отырып, пәндік оқытуды тұлғалық-бағдарлы, коммуникативтік және құндылықтық тұрғыдан жетілдіруге бағытталған. Бағдарлама педагогтердің кәсіби қызметінде soft skills дағдыларын саналы түрде қолдануына, сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда тиімді қарым-қатынас орнатуына, педагогикалық шешім қабылдау мәдениетін дамытуына жағдай жасайды.

Ұсынылып отырған біліктілікті арттыру курсының мазмұны педагогтердің қажеттіліктері мен сұраныстары негізінде құрастырылды. Ол үшін орталық ақпан-тамыз айлары аралығында «Педагогтердің Soft skills дағдыларын жетілдіру» тақырыбымен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, БҚО, Атырау, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының 100-ден астам мұғалімдерінен сауалнама алынып, курсты әзірлеу кезінде мұғалімдердің пікірлері сарапталып, жинақталды. Сауалнама қорытындысы негізінде курс бөлімдері жоспарланды. Педагогтар өздерінде кездесетін қиындықтары мен қажеттіліктерін жазып, дамытуды талап ететін бағыттарын жан-жақты айқындай отырып, сипаттама берді.

Педагогтер арасында жүргізілген талдаулар мен сараптамалар, зерттеулер нәтижелері негізінде біліктілікті арттыру курсының өзектілігі, жаңашылдығы және аналогы жоқтығы келесідей тұжырымдалады:

Талдаулар мен зерттеу қорытындылары:

Талдау нәтижелері бойынша негізгі жағдайлар мыналар:

- Коммуникативтік дағдыларға қажеттілік: Педагогтердің көпшілігі сыныптағы қарым-қатынас, оқушылармен диалог жүргізу және әріптестермен тиімді жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру қажеттілігін көрсетті. Бұл олардың сабақтағы және мектепшілік жұмыстағы өзара әрекеттесуін тиімді етуге бағытталған.

- Эмоционалдық интеллект пен стресс-менеджмент: Көптеген педагогтар эмоциялық күйін басқару, сыныптағы қиын жағдайларда өз эмоциясын бақылау және оқушылармен оң қарым-қатынас орнату дағдыларын жетілдіру қажеттілігін атап өтті.

- Көшбасшылық және фасилитациялық дағдылар: Мұғалімдердің кейбірі сабақтарды ұйымдастыру, топтық жұмысты басқару және педагогикалық шешім қабылдау қабілеттерін дамыту қажеттігін көрсетті. Бұл soft skills курсының маңызды бағытына айналды.

- Цифрлық және инновациялық дағдылар: Зерттеуге қатысқан педагогтердің көбісі цифрлық құралдарды тиімді қолдану, онлайн ортада коммуникация жүргізу және заманауи білім беру технологияларын интеграциялау дағдыларын жетілдіру қажеттілігін көрсетті.

- Ұлттық құндылықтарды жеткізу және мәдениетаралық коммуникация: Педагогтер көркем еңбек сабақтарында ұлттық мәдениет пен құндылықтарды тиімді жеткізу дағдыларын дамыту қажет екенін айтты. Бұл оқушылардың рухани-адамгершілік дамуына септігін тигізеді.

Сараптамалық қорытындылар:

- Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, педагогтердің soft skills дағдыларын дамыту қажеттілігі айқын. Олар тек пәндік біліммен шектелмей, оқыту сапасын, педагогтің кәсіби беделін және оқушылармен қарым-қатынасты арттыруға бағытталған кешенді дағдыларды қамтуы тиіс.

- Педагогтердің өз кәсіби қызметінде кездесетін қиындықтары мен қажеттіліктері бағдарлама мазмұнын нақты бағыттарға бөлуге мүмкіндік берді. Бұл курс бөлімдерінің сабақтық және тәжірибелік мазмұнын педагогтердің нақты сұраныстарына сәйкестендіруге жол ашты.

- Жиналған деректер бойынша курс бағдарламасы коммуникативтік, көшбасшылық, эмоционалдық және цифрлық дағдыларды кешенді дамытуға бағытталған, сонымен қатар педагогтердің кәсіби сенімділігін арттыруға және білім беру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Курстың өзектілігі: Қазіргі білім беру жүйесі тек пәндік білім көлемімен шектелмей, педагогтердің көшбасшылық, коммуникативтік, эмоционалдық және шығармашылық дағдыларын дамытуға бағытталған. ХХІ ғасырда педагогтің кәсіби құзыреттілігін бағалау soft skills дағдыларының деңгейіне де тікелей байланысты. Жоғарыда келтірілген нормативтік-құқықтық актілер мен тұжырымдамалар қазіргі білім беру жүйесінде педагог мәртебесін көтеру, кәсіби даму және оқыту сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік басымдықтарды айқындайды. Осы құжаттарда педагогтердің кәсіби құзыреттерін, оның ішінде soft skills дағдыларын қалыптастыру қажеттілігі айқын көрсетілген. Сонымен бірге, көркем ойлау, эстетикалық қабылдау, кеңістіктік қиял және шығармашылық шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға баса назар аударылады. себебі бұл қасиеттер қазіргі заманның цифрлық және инновациялық технологияларының негізін қалайды. Көркем еңбек пәнін оқыту процесінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтау білім алушылардың жауапкершілігі мен шығармашылық мәдениетін қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.

Сауалнама нәтижелері бойынша БҚО, Атырау, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының 100-ден астам мұғалімі педагогикалық қызметте кездесетін қиындықтар мен дамыту қажет бағыттарды анықтаған. Олардың пікірлері бағдарлама мазмұнын қалыптастыруға, мектептегі нақты қажеттіліктерді ескере отырып, педагогтердің кәсіби дамуын кешенді және нәтижеге бағдарланған түрде қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Осылайша, курс педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, білім беру сапасын көтеруге және оқушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға тікелей ықпал ететін өзекті құрал болып табылады.

2. ГЛОССАРИЙ

Design thinking (дизайн- ойлау) - мәселені шешудің креативті тәсілін қамтамасыз ететін әдістеме.

Soft skills (икемді дағдылар) - біліммен емес, тұлғалық даму арқылы қол жеткізілетін, жұмыстың көптеген салаларында және тұлғааралық қарым-қатынаста қажет болатын қиылысатын, шамадан тыс кәсіби дағдылар.

Арт-технологиялық құзыреттілік – тұлғаның (педагогтың, білім алушының) оқу-тәрбие үдерісінде және кәсіби қызметінде өнерге негізделген педагогикалық технологияларды (арт-терапия, креативті әдістер, визуалдық, музыкалық, театрлық, бейнелеу құралдары) саналы, тиімді және мақсатқа сай қолдана алу қабілеті.

Әлеуметтік - эмоционалды оқыту — бұл оқушылардың өзін-өзі тану, эмоцияларды басқару, әлеуметтік дағдыларды дамыту, қарым-қатынас жасау және шешім қабылдау сияқты өмірлік дағдыларды меңгеруге бағытталған білім беру процесі. Бұл әдіс оқушылардың жеке және академиялық жетістіктерін арттыруға, мектеп ішіндегі және мектептен тыс ортадағы өзара әрекеттесуді жақсартуға көмектеседі.

Бағалау форматтары (көрме: шағын-көрме: чек- лист) - білім алушылардың нәтижесін бақылау және бағалау тәсілдері.

Белсенді оқыту - материалды терең игеру үшін міндеттерді шешу, пікірталастар, жобалау жұмыстары және басқа да іс-шаралар арқылы білім алушылардың таным процесіне белсенді қатысуын көздейтін оқыту әдістері.

Білім алушының дайындық деңгейі – жеке, жүйелік-әрекеттік және пәндік нәтижелерден көрінетін білім алушының орта білім мазмұнын меңгеру дәрежесі.

Білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі.

Жобалық іс-әрекет – білім алушылардың өз бетінше немесе топпен белгілі бір мақсатты көздейтін практикалық мәселені шешетін оқу жұмысының түрі.

Кері байланыс - әрі қарай жақсартуға немесе түзетуге ықпал ететін орындалған жұмыстың тиімділігі немесе сапасы туралы ақпаратты жеткізу процесі.

Көптік интеллект теориясы - бұл интеллект әртүрлі тәуелсіз қабілеттерден тұрады деп тұжырымдайтын Ховард Гарднердің концепциясы, мысалы, натуралистік, музыкалық, логикалық - математикалық, лингвистикалық-вербалды, экзистенциалдық, тұлғааралық, өзіндік «ішкі тұлғалық», дене-кинестетикалық және визуалды-кеңістіктік.

Құндылыққа негізделген білім беру тәсілі – оқыту мазмұны мен әдістерін білім алушының адамгершілік, мәдени және азаматтық құндылықтарын қалыптастыруға бағыттайтын тәсіл.

Құндылықтарға негізделген білім беру – бұл оқушылардың адамгершілік, әлеуметтік, мәдени және рухани сенімдерін дамытуға, олардың жеке және ұжымдық дамуын ынталандыруға бағытталған принциптер мен құндылықтарды қамтитын білім беру тәсілі.

Микрооқыту – педагогтың кәсіби шеберлігін жетілдіруге арналған қысқа мерзімді оқу-тәжірибелік форма.

Оқу жүктемесінің вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті.

Оқу жүктемесінің инварианттық компоненті – білім беру ұйымдарының типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті.

Оқытуды бағалау - оқу процесін жақсарту үшін кері байланыс алуға бағытталған бағалау әдістері.

Педагогикалық рефлексия – педагогтің оқу - тәрбие үдерісіндегі іс-әрекетін, қолданған әдіс-тәсілдерін, олардың нәтижесін талдап, болашақтағы кәсіби іс-әрекетті жетілдіруге бағытталған ойлау және өзін-өзі талдау үдерісі.

Педагогтік әдеп – педагогтердің Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген мінез-құлық нормалары.

Прогрессивті ойлау «growth mindset» - бұл қабілеттер мен интеллект табандылықпен жұмыс істеу, оқу және шыдамдылық арқылы дамып, жақсара алу деген сенім.

Сабақтан тыс іс-әрекет - тұтас оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөлігі, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысаны.

Сандық білім беру ресурстары – оқытуды қолдау үшін қолданылатын сандық мазмұнның әртүрлі формалары мен құралдары.

Тапқырлық ойындары - ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған ойындар.

Тұрақты ойлау «fixed mindset» - бұл қабілеттер мен интеллект өзгермейтін және табиғи беріледі деген сенім. Тұрақты ойлауы бар адамдар қиындықтардан қорқып, сәтсіздіктерден аулақ болуға тырысады, өйткені оларды қабілеттерінің шектеулігінің белгісі ретінде қабылдайды және жаңа нәрселерді үйрену мен дамуға аз күш салады.

Шапшандықты дамыту – әртүрлі қимылдарды тез және сапалы орындауға дағдыландыру.

Шығармашылық қабілеттер - бұл жеке тұлғаның жаңа идеяларды тудыру, инновациялық шешімдерді табу және түпнұсқа өнім немесе ойлар жасау қабілеті.

3.БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫБЫ

Орталық тарапынан жүргізілген зерттеулерде БҚО, Атырау, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының 100-ден астам көркем еңбек пәні мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері мынадай сандық көрсеткіштерді көрсетті:

Soft skills бағыты	Мұғалімдердің саны	Пайыз (%)
Коммуникация және сөйлеу мәдениеті	78	78%
Командалық жұмыс және ынтымақтастық	65	65%
Сыни ойлау және проблемаларды шешу	54	54%
Креативтік және шығармашылық қабілет	49	49%
Уақытты басқару және жоспарлау	42	42%
Өзін-өзі бағалау және рефлексия	38	38%
Стрессті басқару және эмоционалдық тұрақтылық	35	35%
Ақпараттық сауаттылық және цифрлық құралдарды пайдалану	33	33%

Бағдарламаның «Жалпы ережелер» бөлімінде көрсетілген талдау нәтижелері бойынша негізгі жағдайлар бойынша мынадай сараптамалық қорытынды жасалды:

- Коммуникативтік дағдылар: 100 педагогтің 70%-і өз қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру қажеттігін көрсетті. Бұл көрсеткіш педагогтердің сабақтағы және мектепшілік топтық жұмыста тиімді өзара әрекеттесуін күшейту қажеттігін айқын көрсетеді.

- Эмоционалдық интеллект: 60% педагог эмоцияларын басқару, сыныптағы психологиялық ахуалды бақылау және эмпатия дағдыларын дамыту қажеттігін атап өтті. Бұл мұғалімдердің кәсіби тұрақтылығы мен оқыту сапасын арттыруға тікелей әсер етеді.

- Көшбасшылық дағдылар: 50% педагог сабақ ұйымдастыру, топтық жұмыс жүргізу және педагогикалық шешім қабылдау дағдыларын жетілдіру қажет деп санайды. Бұл бағыт курстың негізгі компоненттерінің бірі болып табылады.

- Цифрлық дағдылар: 40% педагог цифрлық құралдар мен онлайн платформаларды тиімді қолдану дағдыларын дамыту қажет екенін көрсетті. Бұл тренд заманауи білім беру технологияларын қолданудағы қажеттілікті көрсетеді.

- Ұлттық құндылықтарды жеткізу: 30% педагог көркем еңбек сабақтарында ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды жеткізу дағдыларын жетілдіру қажет деп бағалайды. Бұл көрсеткіш оқушылардың рухани-адамгершілік дамуына байланысты бағытты айқындайды.

- Сауалнама нәтижелері педагогтердің soft skills дағдыларын дамытуға

айқын қажеттілік бар екенін көрсетті. Нақты бағыттар бойынша (коммуникация, эмоциялық интеллект, көшбасшылық, цифрлық дағдылар, ұлттық құндылықтарды жеткізу) курстың мазмұны педагогтердің нақты сұраныстарына сәйкестендірілді. Бұл курстың мектептердегі педагогикалық тәжірибені тиімді жетілдіруге, кәсіби сенімділікті арттыруға және білім беру сапасын жоғарылатуға мүмкіндік береді және *бағдарламаның жаңашылдығын* көрсетеді.

Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі:

- Soft skills дағдыларын жүйелі дамыту: Бағдарлама педагогтің кәсіби қызметінде қажет болатын коммуникативтік, көшбасшылық, эмоционалдық, шығармашылық және цифрлық дағдыларды кешенді түрде дамытуға бағытталған. Бұған дейінгі курстар көбінесе пәндік білімге шоғырланған болса, бұл курс педагогтің тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктерін біртұтас жүйе ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- Педагогтердің нақты қажеттіліктеріне негізделген мазмұн: Курс орталық тарапынан жүргізілген сауалнама және зерттеу нәтижелері бойынша педагогтердің нақты кәсіби қиындықтары мен сұраныстары ескеріліп жасалды. Бұл курсты мектептердегі нақты жағдаймен байланыстырылған, тәжірибелік мәні жоғары етіп ерекшелендіреді.

- Әлемдік және отандық трендтерге сәйкестік: Бағдарлама ХХІ ғасыр дағдылары, эмоционалдық интеллект, цифрлық трансформация, инклюзивті білім беру сияқты әлемдік трендтермен және Қазақстанның білім беру басымдықтарымен үйлестірілген.

- Практикалық және тренингтік бағыт: Курс теориялық материалды ғана емес, педагогтердің кәсіби тәжірибесінде қолдануға арналған практикалық тапсырмалар мен тренингтік әдістерді қамтиды. Бұл мұғалімдердің оқушылармен және әріптестерімен тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді.

- Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні интеграциялау: Бағдарламада цифрлық құралдар мен AI технологияларын сабақта және педагогикалық коммуникацияда тиімді қолдану тәсілдері қарастырылған, бұл педагогтердің заманауи білім беру ортада кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

- Ұлттық құндылықтар мен мәдениетаралық коммуникацияны біріктіру: Курс көркем еңбек пәні арқылы ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды жеткізуге бағытталған soft skills дағдыларын дамыту арқылы ұлттық құндылықтарды сақтау мен насихаттауда жаңашылдық енгізеді.

Аналогының бар/жоғы:

- Көркем еңбек пәні мұғалімдеріне арналған икемді дағдыларды жетілдіруді көздейді;

- Педагогтердің нақты кәсіби қажеттіліктері мен мектептегі жағдайға сәйкес әзірленген;

- Көшбасшылық, коммуникация, эмоционалдық интеллект, шығармашылық және цифрлық дағдыларды кешенді түрде дамытуға бағытталған;

- Әлемдік және отандық трендтермен үйлестірілген;
- Теориялық және практикалық материалдарды біріктіріп, нақты тапсырмалар мен тренингтер арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен 2023-2025 жылдары келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын талдау бойынша, басқа бағдарламалардан айырмашылығы:

- Пәндік бағыттың айқын ерекшелігі: Көптеген келісілген курстар жалпы педагогикалық құзіреттер мен әдістемелік тәсілдерге бағытталса, ұсынылып отырған курс тек көркем еңбек пәнінің мұғалімдеріне арнайы әзірленген. Бұл пәннің мазмұндық ерекшеліктерін, кәсіби тұрғыдан коммуникативтік дағдыларды дамыту қажеттілігін ескереді.

- Soft skills-ті кешенді дамыту: Келісілген курстарда көбінесе жеке-жеке soft skills элементтері қарастырылған, ал бұл курс коммуникативтік, эмоционалдық интеллект, көшбасшылық, сыни ойлау, креативтілік және цифрлық дағдыларды біртұтас кешен ретінде дамытуды көздейді.

- Нақты зерттеу нәтижелеріне негізделген мазмұн: Бұл курс мазмұны педагогтердің 100-ден астам мұғалім қатысқан сауалнама мен зерттеу нәтижесіне сүйеніп жасалды.

- Әлемдік және отандық трендтерді үйлестіру: Ұсынылып отырған курс ХХІ ғасыр дағдылары, цифрлық трансформация және жасанды интеллектті қолдану сияқты әлемдік трендтерді педагогтің кәсіби дамуы контекстінде толық енгізеді. Басқа бағдарламаларда бұл трендтер айқын көрсетілмеген.

- Практикалық тренингтер мен рефлексияға негізделген оқыту: Бірнеше курстар теория мен ақпараттық мазмұнға көбірек көңіл бөліп жатса, бұл бағдарлама практикалық тренингтік жаттығулар, тапсырмалар және рефлексиялық талдаулар арқылы педагогтің дағдыларын нақты қолдану қабілетін қалыптастырады.

- Ұлттық құндылықтарды интеграциялау: Бұл бағдарламада soft skills дағдыларын дамытуға ұлттық мәдениет пен тілдік дәстүрлерді жеткізу бағыты ерекше енгізілді. Бұл ерекшелік көркем еңбек пәніне тән болып, басқа келісілген курстарда ондай мәдени-бағдарлы элементтер кешені жоқ.

- Цифрлық және басым технологияларды қолдану: Бұл курс цифрлық платформалар, онлайн ресурстар және жасанды интеллект құралдарын сабақ пен коммуникацияда тиімді қолдануды жүйелі түрде енгізеді. Басқа бағдарламаларда бұл компонент бөлектенген немесе толық қамтылмаған.

Курс – педагогтің кәсіби дамуына, білім беру жүйесін жаңғыртуға, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған бірегей, жаңашыл, отандық білім беру жүйесінде аналогы жоқ бағдарлама. Бұл – тек жаңа білім емес, жаңа әдіснама мен жаңа педагогикалық парадигма. Бұл бағдарлама педагогтерге тек теориялық білім ғана емес, нақты практикалық дағдылар береді.

Білім беру бағдарламасының тақырыптары 1-кестеде берілген.

Кесте – 1. Модуль атауы мен бағдарлама тақырыптары

№	Бағдарлама модульдері/ Модуль тақырыптарының сипаттамасы
1	2
1- модуль. Білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері Мақсаты: Педагогтердің білім беру саласындағы заманауи мемлекеттік саясатты, нормативтік-құқықтық құжаттарды және кәсіби этика талаптарын меңгеруін қамтамасыз ету, сондай-ақ педагог қызметінде soft skills дағдыларын нормативтік негізде қолдану мүмкіндіктерін түсіндіру арқылы олардың кәсіби-құқықтық сауаттылығын арттыру. Мақсаттық көрсеткіштері: - Қазақстан Республикасындағы білім беру саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын біледі; - педагогтің кәсіби қызметін реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық құжаттардың мазмұнын түсінеді; - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын көркем еңбек пәнін оқытуда қолдана алады; - педагогтің кәсіби этикасы мен құқықтық жауапкершілігінің мәнін ұғынады; - педагог қызметіндегі soft skills дағдыларының нормативтік-құқықтық негіздерін анықтай алады; - кәсіби қызметінде құқықтық нормалар мен этикалық талаптарды сақтай отырып, тиімді педагогикалық қарым-қатынас орната алады.	
1.1.	Қазақстан Республикасындағы білім беру саясатының заманауи бағыттары. Педагогтің кәсіби қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар
1.2.	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және көркем еңбек пәні
1.3.	Педагогтің кәсіби этикасы және жауапкершілігі. Педагог қызметіндегі soft skills дағдыларының нормативтік негіздері
2 - модуль. Психологиялық- педагогикалық модуль Мақсаты: Педагогтердің тұлғалық-психологиялық ерекшеліктерін, педагогикалық қарым-қатынас заңдылықтарын, әлеуметтік-эмоционалды оқыту негіздерін меңгерту арқылы олардың эмоционалдық интеллектін, кәсіби тұрақтылығын және оқыту процесінде тиімді психологиялық өзара әрекет орнату қабілеттерін дамыту. Мақсаттық көрсеткіштері: - педагог тұлғасының психологиялық ерекшеліктерін және оның кәсіби қызметтегі рөлін түсінеді; - педагогикалық қарым-қатынас психологиясының негізгі қағидаларын практикада қолдана алады; - әлеуметтік-эмоционалды оқыту (Social Emotional Learning) ұғымының	

мәнін және оны оқу үдерісіне енгізу жолдарын меңгереді; - көркем еңбек пәні мұғалімінің кәсіби іс-әрекетіндегі эмоционалдық интеллекттің маңызын түсінеді; - конфликтология негіздерін біледі және конфликтілерді басқарудың тиімді тәсілдерін қолдана алады; - педагогтің кәсіби күйзелісінің (burnout) алдын алу жолдарын анықтайды және эмоциялық тұрақтылықты сақтаудың әдістерін пайдалана алады.	
2.1.	Педагог тұлғасының психологиялық ерекшеліктері. Педагогикалық қарым-қатынас психологиясы
2.2.	Әлеуметтік-эмоционалды оқыту. Көркем еңбек пәні мұғалімінің кәсіби іс-әрекетіндегі эмоционалды интеллект ұғымдары.
2.3.	Конфликтология негіздері және оны басқару жолдары. Педагогтің кәсіби күйзелісінің алдын алу (эмоциялық тұрақтылық)
3 - модуль. Көркем еңбек педагогінің кәсіби құзыреттілігін және soft skills дағдыларын дамытудың педагогикалық шарттары Мақсаты: Көркем еңбек пәні педагогінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал ететін педагогикалық шарттарды айқындау, soft skills дағдыларын (көшбасшылық, фасилитация, рефлексия, құндылықтарға бағдарлану) жүйелі түрде дамыту және оларды педагогикалық практикада тиімді қолдану мүмкіндіктерін қалыптастыру. Мақсаттық көрсеткіштері: - білім беру процесінің тиімділігі мен сапасын арттыратын педагогикалық шарттарды анықтай алады; - көркем еңбек мұғалімінің кәсіби құзыреттерінің құрылымын және soft skills дағдыларының педагог кәсібіндегі рөлін түсінеді; - көшбасшылық және фасилитациялық дағдыларды оқу процесінде қолдана алады; - өзін-өзі дамыту мен кәсіби рефлексияны жүзеге асырудың әдістерін меңгереді; - құндылықтарға бағытталған оқытуды ұйымдастырудың тәсілдерін практикада қолданады; - көркем еңбек сабағын жоспарлаудың жаңа тәсілдерін пайдалана алады; - медиативтік технологияларды педагогикалық практикаға енгізе алады; - критериалды бағалау жүйесін және белсенді оқыту әдістерін қолдана отырып, оқыту тиімділігін мониторингтеуді жүзеге асырады; - азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік және көпмәдениетті тәрбие мазмұнын білім беру процесіне кіріктіре алады.	
3.1.	Біліктілікті арттыру шеңберінде білім беру процесінің тиімділігі мен сапасын мазмұнды арттыратын педагогикалық жағдайлар көркем еңбек пәні педагогінің кәсіби әлеуетін дамытудың басым факторы
3.2.	Көркем еңбек мұғалімінің кәсіби құзыреттері. Soft skills ұғымы және оның педагог кәсібіндегі рөлі
3.3.	Көшбасшылық және фасилитация дағдылары. Өзін-өзі дамыту және

	кәсіби рефлексия
3.4.	Көркем еңбек пәнін оқытудағы құндылықтарға бағытталған ұстаным – ұйымдастыру әдістері, іске асыру, нәтижелерге қол жеткізу және оқу қызметінде пайдалану. Оқушылардың жүктемесі және қозғалыс белсенділігінің нормалары
3.5.	Көркем еңбек сабағын жоспарлаудың жаңа тәсілдері. Көркем еңбек пәні педагогтерінің педагогикалық практикасында медиативтік технологияларды қолдану
4– модуль. Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру Мақсаты: Көркем еңбек пәнін оқытуда білім беру сапасын арттыруға бағытталған мазмұнды жаңарту, құзыреттілікке негізделген, интерактивті және белсенді оқыту әдістерін меңгерту, сондай-ақ сабақта soft skills дағдыларын кіріктіру арқылы педагогтердің әдістемелік құзыреттілігін жетілдіру. Мақсаттық көрсеткіштері: - көркем еңбек сабақтарының мазмұнын жаңарту бағыттарын анықтай алады; - құзыреттілікке бағытталған оқыту әдістерін оқу процесінде тиімді қолданады; - интерактивті және белсенді оқыту тәсілдерін пайдалана отырып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыра алады; - оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесін құра алады; - сабақта soft skills дағдыларын кіріктірудің әдістемелік жолдарын меңгереді; - мұғалім портфолиосын өзін-өзі талдау және кәсіби даму құралы ретінде қолдана алады; - көркем еңбек пәнін қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін пайдалана алады.	
4.1.	Көркем еңбек сабақтарының мазмұнын жаңарту
4.2.	Құзыреттілікке бағытталған оқыту әдістері
4.3.	Интерактивті және белсенді оқыту тәсілдері
4.4.	Сабақта soft skills дағдыларын кіріктіру әдістемесі
4.5.	Көркем еңбек пәні мұғалімдерінің арт-технологиялық құзыреттілігін арттыру
4.6.	Көркем еңбек пәнін қашықтықтан ұйымдастыру
5– модуль. Оқыту процесіндегі цифрлық технологиялар Мақсаты: Педагогтердің цифрлық білім беру ортасында тиімді жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастыру, онлайн платформалар мен білім беру сервистерін көркем еңбек сабақтарында орынды қолдану, сондай-ақ цифрлық құзыреттілік пен soft skills дағдыларының өзара байланысын нығайту. Мақсаттық көрсеткіштері: - онлайн платформалар мен білім беру сервистерінің мүмкіндіктерін біледі және оларды оқу процесінде қолдана алады; - «Күнделік» ААЖ және eGov порталымен жұмыс істеу дағдыларын	

меңгереді; - көркем еңбек сабақтарында цифрлық ресурстарды мақсатты түрде пайдалана алады; - цифрлық бағалау құралдары арқылы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалай алады; - тиімді цифрлық кері байланыс ұйымдастыру әдістерін қолдана алады; - педагогтің цифрлық құзыреттілігі мен soft skills дағдылары арасындағы өзара байланысты түсінеді және оны кәсіби қызметінде пайдалана алады.	
5.1.	Онлайн платформалар және білім беру сервистері (YouTube арнасының бейне- ресурстары, BilimLand және т.б.). «Күнделік» ААЖ, Egov порталымен жұмыс
5.2.	Көркем еңбек сабақтарында цифрлық ресурстарды қолдану
5.3.	Педагогтің цифрлық құзыреттілігі мен soft skills байланысы
6 – модуль. Вариативті модуль Мақсаты: Педагогтердің soft skills дағдыларын тәжірибелік-тренингтік форматта тереңдетіп дамыту, қоғамдық сөйлеу, өзіндік презентация, уақытты басқару және кәсіби жоспарлау қабілеттерін жетілдіру, сондай-ақ курсты қорытындылау арқылы тыңдаушылардың кәсіби өсу нәтижелерін бекіту. Мақсаттық көрсеткіштері: - қоғамдық сөйлеу және өзіндік презентация жасау дағдыларын меңгереді; - уақытты басқару және кәсіби жоспарлау тәсілдерін өз қызметінде пайдалана алады; - кәсіби мәселелер бойынша пікір алмасуға, сұрақ қоюға және кері байланыс беруге дайын болады; - сауалнамалар нәтижелерін талдай алады және өзіндік рефлексия жүргізе алады.	
6.1.	Қоғамдық сөйлеу және өзіндік презентация. Уақытты басқару және кәсіби жоспарлау
6.2.	Тыңдаушылардың сұрақ-жауап кезеңі. Сауалнамалармен жұмыс.
Қорытынды тестілеу	

4.БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарламаның мақсаты: Көркем еңбек пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру, олардың коммуникативтік, көшбасшылық, эмоционалдық, рефлексиялық және цифрлық soft skills дағдыларын жүйелі дамыту, алынған білім мен дағдыларды педагогикалық тәжірибеде тиімді қолдануға жағдай жасау.

Бағдарлама келесі *міндеттерді* жүзеге асыруға бағытталған:

- педагогтердің кәсіби қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық негіздер мен заманауи білім беру саясатын меңгерту;

- көркем еңбек пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттері мен soft skills дағдыларының өзара байланысын айқындау;
- көшбасшылық, фасилитация, өзін-өзі дамыту және кәсіби рефлексия дағдыларын қалыптастыру;
- құндылықтарға бағытталған білім беру мен азаматтық-патриоттық тәрбиені оқу процесіне кіріктіру;
- оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңарту, интерактивті және белсенді оқыту тәсілдерін меңгерту;
- цифрлық технологиялар мен онлайн платформаларды педагогикалық тәжірибеде тиімді қолдану.

Күтілетін оқу нәтижелері. Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде педагогтер:

- көркем еңбек пәнін оқытуда кәсіби және soft skills дағдыларын үйлестіре алады;
- педагогикалық қарым-қатынасты тиімді ұйымдастырады және эмоционалдық тұрақтылықты сақтайды;
- көшбасшылық және фасилитациялық тәсілдерді оқу процесінде қолданады;
- сабақта soft skills дағдыларын кіріктіріп, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра алады;
- цифрлық ресурстар мен онлайн сервистерді мақсатты пайдаланады;
- кәсіби қызметіне рефлексия жасап, жеке даму траекториясын құра алады.

Бағдарламаның тәжірибелік маңыздылығы оның мазмұнының педагогтердің нақты кәсіби қажеттіліктері мен мектептегі жағдайларға негізделуінде. Курс барысында алынған білім мен дағдылар:

- педагогтердің сабақ беру сапасын арттыруға;
- оқушылармен, ата-аналармен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас орнатуға;
- кәсіби күйзелістің алдын алуға;
- цифрлық ортада жұмыс істеу қабілетін нығайтуға;
- білім беру процесін заманауи талаптарға сәйкестендіруге тікелей әсер етеді.

Оқыту нәтижелері педагогтердің күнделікті жұмыс тәжірибесінде қолданылып, оқыту сапасының артуына, педагогтің кәсіби беделінің нығаюына және білім алушылардың оқу жетістіктерінің жақсаруына ықпал етеді.

Курстың әр бір модулі тәжірибелік тапсырмаларды орындай отырып, меңгерілген тәсілдер мен технологияларды тікелей білім беру тәжірибесіне енгізуге мүмкіндік береді.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны 6 модульден тұрады және оның жалпы көлемі 80 сағатты құрайды. Бағдарлама көркем еңбек пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттырумен қатар, олардың шығармашылық және коммуникативтік soft skills дағдыларын жүйелі түрде дамытуға бағытталған.

1-модуль. Білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері. Бұл модульде Қазақстан Республикасындағы білім беру саясатының заманауи бағыттары, көркем еңбек пәнін оқытудың тұжырымдамалық негіздері, педагогтің кәсіби қызметін реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық құжаттар, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және педагогтің кәсіби этикасы қарастырылады. Сонымен қатар педагог қызметіндегі soft skills дағдыларының (коммуникация, ынтымақтастық, көшбасшылық, жауапкершілік) нормативтік-құқықтық негіздері, олардың кәсіби стандарттармен байланысы және көркем еңбек мұғалімінің кәсіби бейнесіндегі рөлі талданады.

Нәтиже: тыңдаушылар педагогтің кәсіби қызметінде soft skills дағдыларының заңнамалық және тұжырымдамалық маңызын түсінеді.

2-модуль. Психологиялық-педагогикалық модуль. Модульде көркем еңбек педагогінің тұлғалық және психологиялық ерекшеліктері, педагогикалық қарым-қатынас психологиясы, шығармашылық орта қалыптастыру, әлеуметтік-эмоционалды оқыту (SEL), эмоционалдық интеллект, стресс пен конфликтіні басқару, педагогтің кәсіби күйзелісінің алдын алу мәселелері қарастырылады. Модуль мазмұны педагогтің эмпатия, өзін-өзі реттеу, тиімді қарым-қатынас орнату, кері байланыс беру сияқты soft skills дағдыларын дамытуға бағытталады.

Нәтиже: тыңдаушылар өз эмоциясын басқару және шығармашылық коммуникация құру дағдыларын меңгереді.

3-модуль. Көркем еңбек педагогінің кәсіби құзыреттілігін және soft skills дағдыларын дамытудың педагогикалық шарттары. Бұл модуль көркем еңбек пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттерін, шығармашылық ойлау мен креативті шешім қабылдауды, soft skills дағдыларының (сыни ойлау, фасилитация, көшбасшылық, командалық жұмыс) рөлін ашады. Сонымен қатар құндылықтарға негізделген білім беру, кәсіби рефлексия, сабақ жоспарлаудың жаңартылған тәсілдері және формативті бағалау жүйесі қарастырылады.

Нәтиже: тыңдаушылар кәсіби қызметінде soft skills-ті саналы түрде қолдану жолдарын меңгереді.

4-модуль. Білім беру сапасын арттыру контекстінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру. Модульде көркем еңбек пәнінің мазмұнын жаңарту, құзыреттілікке бағытталған, интерактивті және белсенді оқыту әдістері, арт-технологиялық құзыреттіліктер, шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыру және сабақта soft skills дағдыларын кіріктіру жолдары қарастырылады. Қашықтықтан және аралас оқыту жағдайында шығармашылық және коммуникативтік дағдыларды дамыту тәсілдеріне ерекше назар аударылады.

Нәтиже: тыңдаушылар оқыту әдістерін шығармашылық және коммуникативтік тұрғыда жетілдіре алады.

5-модуль. Оқыту процесіндегі цифрлық технологиялар. Бұл модульде онлайн платформалар мен білім беру сервистерін (презентация, визуализация, интерактивті құралдар), цифрлық ресурстарды көркем еңбек сабақтарында қолдану, цифрлық бағалау мен кері байланыс ұйымдастыру жолдары қарастырылады. Сонымен қатар педагогтің цифрлық құзыреттілігі мен soft skills дағдыларының (өзіндік презентация, коммуникация, ынтымақтастық) өзара байланысы талданады.

Нәтиже: тыңдаушылар цифрлық ортада тиімді қарым-қатынас жасап, шығармашылық өнім ұсына алады.

6-модуль. Вариативті модуль. Вариативті модульде көркем еңбек пәні мұғалімдерінің шығармашылық және коммуникативтік soft skills дағдыларын дамытуға бағытталған практикалық тренингтер қамтылады. Атап айтқанда:

- қоғамдық сөйлеу;
- өзіндік презентация;
- уақытты басқару;
- кәсіби жоспарлау;
- тыңдаушылармен кері байланыс орнату.

Кесте – 2. Модуль мазмұнының сипаттамасы

№	Бағдарлама модульдері/ Модуль тақырыптары	Модуль тақырыптарының мазмұны
1	2	3
1- модуль. Білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері		
1.1.	Қазақстан Республикасындағы білім беру саясатының заманауи бағыттары. Педагогтің кәсіби қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар	Білім беру сапасын арттыру. Құзыреттілікке негізделген оқытуға көшу. Үздіксіз кәсіби даму. Цифрлық трансформация. Тәрбие мен білімнің біртұтастығы. Халықаралық білім беру кеңістігіне интеграция. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319-ІІІ Заңы. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.

		Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы. Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 Қаулысы. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылған «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат (05.06.2025 жылғы №2 хаттама).
1.2.	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және көркем еңбек пәні	«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы (30, 31, 66 қосымшалары). Көркем еңбек пәнінің МЖМБС-тегі рөлі. Мәдени және ұлттық құндылықтарға негізделген құзыреттер. МЖМБС-тегі пән мазмұны мен құрылымы.
1.3.	Педагогтің кәсіби	Педагогтің кәсіби этикасының мәні. Педагогтің

	этикасы және жауапкершілігі. Педагог қызметіндегі soft skills дағдыларының нормативтік негіздері	жауапкершілігі. Педагог қызметіндегі soft skills дағдыларының нормативтік негіздері. Педагог қызметінде soft skills қолдану.
Практикалық тапсырмалар: - Нормативтік құқықтық-актілермен танысу. Талдау жасау. Сұрақтарға жауап. Ассоциация әдісі. - Оқу мақсаты, күтілетін нәтижелер, бағалау критерийлерін МЖМБС талаптарына сәйкес жоспарлау. - Педагогикалық кейстер бойынша этикалық шешім қабылдау.		
2 - модуль. Психологиялық- педагогикалық модуль		
2.1.	Педагог тұлғасының психологиялық ерекшеліктері. Педагогикалық қарым-қатынас психологиясы	Педагог тұлғасының мәні. Педагогикалық қарым-қатынас психологиясы. Педагогикалық қарым-қатынас психологиясының негізгі қағидалары. Оқушылардың оқу мотивациясын арттыру. Ашықтық пен кері байланыс.
2.2.	Әлеуметтік-эмоционалды оқыту. Көркем еңбек пәні мұғалімінің кәсіби іс-әрекетіндегі эмоционалды интеллект ұғымдары.	Өзін-өзі басқару. Қарым-қатынас дағдылары. Шешім қабылдау қабілеті. Педагогикалық стресс және кәсіби күйзелісті басқару. Оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға қолайлы психологиялық орта құру.
2.3.	Конфликтология негіздері және оны басқару жолдары. Педагогтің кәсіби күйзелісінің алдын алу (эмоциялық тұрақтылық)	Конфликтіні басқару жолдары. Тікелей шешу. Эмоциялық интеллект. Кәсіби қолдау жүйесі. Уақытты тиімді басқару. Кәсіби күйзеліс.
Практикалық тапсырмалар: - Өзін-өзі бағалау тесті: эмоциялық тұрақтылық, стресс деңгейін анықтау; - Сабақтағы қарым-қатынасты бақылау журналы: оқушылармен өзара әрекетті талдау; - «Эмоция картасы»: сабақта кездескен эмоцияларды белгілеп, себебін жазу; - Топтық талдау: әріптестермен оқушылардың әлеуметтік-эмоционалды қажеттіліктерін талқылау; - Өз тәжірибеңіздегі конфликтіні сипаттау және алдын алу стратегиясын жоспарлау;		

- Уақытты басқару жоспарын жасау: сабақ пен жеке демалысты теңгеру;
Рөлдік ойындар: «Мұғалім – оқушы» конфликттік сценарийлерін ойнау;
ұғымдары
Эмоцияны басқару жаттығулары (демалу, тыныс алу, визуализация);
Позитивті психология жаттығулары: жетістіктерді күнделікке жазу;

3 - модуль. Көркем еңбек педагогінің кәсіби құзыреттілігін және soft skills дағдыларын дамытудың педагогикалық шарттары

3.1.	Біліктілікті арттыру шеңберінде білім беру процесінің тиімділігі мен сапасын мазмұнды арттыратын педагогикалық жағдайлар көркем еңбек пәні педагогінің кәсіби әлеуетін дамытудың басым факторы	Сабақтағы оқу-әдістемелік ортаны тиімді ұйымдастыру. Педагогтің кәсіби құзыреттерін дамыту жағдайлары. Оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін ынталандыру. Интерактивті және белсенді оқыту әдістерін қолдану. Құндылықтарға негізделген білім беру тәжірибесі. Педагогтің кәсіби өсуі мен өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері. Орта мерзімді жоспарлау.
3.2.	Көркем еңбек мұғалімінің кәсіби құзыреттері. Soft skills ұғымы және оның педагог кәсібіндегі рөлі	Көркем еңбек мұғалімінің негізгі кәсіби құзыреттері. Пәндік білім мен педагогикалық шеберлікті дамыту. Soft skills ұғымы: анықтамасы және негізгі компоненттері. Педагогтің коммуникациялық дағдылары (қарым-қатынас, тыңдау, кері байланыс). Көшбасшылық және командалық жұмыс қабілеті. Эмоциялық интеллект пен стресс жағдайын басқару. Уақытты басқару және кәсіби жоспарлау. Soft skills дағдыларының сабақтағы және кәсіби іс-әрекеттегі рөлі. Қысқа мерзімді жоспарлау.
3.3.	Көшбасшылық және фасилитация дағдылары. Өзін-өзі дамыту және кәсіби рефлексия	Көшбасшылық ұғымы және педагогтік контексттегі мәні. Педагогтің жетекшілік рөлі және сабақтағы көшбасшылық әдістері. Фасилитация негіздері: оқушылардың белсенділігін ынталандыру. Топтық жұмыс пен кооперативтік оқытуды ұйымдастыру. Шешім қабылдау және пікірталас жүргізу дағдылары. Сабақ барысында фасилитациялық тәсілдерді қолдану. Көшбасшылық пен фасилитацияның оқушы мотивациясына әсері. Өзін-өзі дамыту ұғымы және педагогтік маңызы. Кәсіби өсу мен біліктілікті арттыру жолдары. Рефлексияның

		педагогикалық мәні. Сабаққа және кәсіби тәжірибеге өзіндік талдау жасау. Күшті және әлсіз жақтарын анықтау әдістері. Мақсат қою және жетістіктерді бағалау. Өзін-өзі дамыту жоспарын құру және жүзеге асыру.
3.4.	Көркем еңбек пәнін оқытудағы құндылықтарға бағытталған ұстаным – ұйымдастыру әдістері, іске асыру, нәтижелерге қол жеткізу және оқу қызметінде пайдалану. Оқушылардың жүктемесі және қозғалыс белсенділігінің нормалары	Құндылықтарға бағытталған білім беру ұғымы. Ұлттық құндылықтар. Сабақта құндылықтарды енгізу әдістері. Оқыту үдерісінде құндылықтарды іске асыру жолдары. Оқу қызметінде нәтижелерге қол жеткізу стратегиялары. Оқушылардың оқу жүктемесін жоспарлау. Қозғалыс белсенділігінің нормаларын сақтау. Педагогикалық әдістер арқылы белсенді оқыту жағдайларын қамтамасыз ету. Қысқа мерзімді жоспарлау.
3.5.	Көркем еңбек сабағын жоспарлаудың жаңа тәсілдері. Көркем еңбек пәні педагогтерінің педагогикалық практикасында медиативтік технологияларды қолдану	Сабақ жоспарлаудың жаңа тәсілдері. Мақсатқа бағытталған оқу траекториясын құру. Медиативтік технологиялардың педагогикалық мәні. Сабақта медиативтік әдістерді қолдану үлгілері. Оқушылардың белсенділігін арттыру тәсілдері. Педагогтік практикалық жұмыстарда медиативтік құралдарды енгізу. Сабақтағы коммуникациялық дағдылар мен ынтымақтастықты дамыту. Қысқа мерзімді жоспарлау. Құндылықтарды сабақ нәтижелеріне кіріктіру.
Практикалық тапсырмалар: - Педагогикалық жағдайларды (топтық жұмыс, жұптық жұмыс, жеке тапсырмалар) сабаққа енгізу - Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін бағалау үшін өзін-өзі бағалау парағын толтыру - Сабақта құндылықтарды көрсету үшін мысалдар таңдау - Құндылықтарға негізделген тапсырмалар жасау Қысқа мерзімді жоспар: Soft skills дағдыларын кіріктіре отырып қысқа мерзімді сабақтарды жоспарлау. Сабақ мақсатын SMART форматында құрастыру. Көркем еңбек сабағында дифференциация және таңдау еркіндігі. Берілген тақырып бойынша ҚМЖ әзірлеу, сабақта кемінде 2 медиативтік әдісті қолдану		
4– модуль. Білім беру сапасын арттыру контекстінде оқытудың		

мазмұны мен әдістерін жетілдіру		
4.1.	Көркем еңбек сабақтарының мазмұнын жаңарту	Сабақ тақырыптарының заман талабына сәйкестендірілуі. Оқушы қажеттіліктеріне бейімделген оқу мазмұны. Құндылықтарға және өмірлік дағдыларға бағытталған тақырыптар. Интерактивті және практикалық элементтерді қосу. Мәдени және тарихи контекстті оқытуға енгізу. Ұлттық қолөнер және сәндік-қолданбалы өнер. Материалдар мен құралдармен жұмыс (қағаз, мата, ағаш, табиғи және қайта өңделетін материалдар). Заманауи технологиялар және цифрлық өнер элементтері. Қауіпсіздік техникасы және еңбек мәдениеті
4.2.	Құзыреттілікке бағытталған оқыту әдістері	Белсенді оқу әдістері (топтық жұмыс, пікірталас, кейс-стади). Мәселелік оқыту (problem-based learning). Жоба және зерттеу әдістері. Ситуациялық тапсырмалар арқылы дағдылар қалыптастыру. Оқушының практикалық құзыреттерін дамытуға бағытталған жаттығулар.
4.3.	Интерактивті және белсенді оқыту тәсілдері	Топтық және жұптық жұмыс әдістері. Рольдік ойындар мен драматизация. Пікірталас және дебаттар ұйымдастыру. Сценарийлік және проблемалық тапсырмалар. Ойын технологиялары мен симуляциялар. Электрондық интерактивті құралдарды қолдану.
4.4.	Сабақта soft skills дағдыларын кіріктіру әдістемесі	Оқыған материалды өмірде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Ақпараттық және медиасауаттылықты дамыту. Мәселелерді шешу және сыни ойлау дағдыларын жетілдіру. Шығармашылық сауаттылықты нақты контексте қолдану. Жобалық және практикалық тапсырмалар арқылы функционалдық құзыреттерді қалыптастыру.
4.5.	Көркем еңбек пәні мұғалімдерінің арт-технологиялық құзыреттілігін арттыру	Коммуникативтік дағдыларды дамыту. Арт-педагогика және арт-терапиялық элементтер. Заманауи көркем және дизайн технологиялары. Soft skills-ті дамытуға бағытталған әдістер. Проблемалық және жобалық әдістер арқылы soft skills интеграциясы
4.6.	Көркем еңбек пәнін қашықтықтан ұйымдастыру	«Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру

		бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы (өзгерістермен). Онлайн платформаларды (Google Meet, Teams) тиімді пайдалану. Виртуалды сынып пен электрондық оқу ресурстарын интеграциялау. Асинхронды тапсырмалар. Цифрлық тапсырмалар мен бағалау құралдарын қолдану. Оқушылардың белсенділігін қашықтықта сақтау әдістері. Видеосабақтар, подкасттар және интерактивті контент жасау. Қашықтықтағы оқытуда кері байланысты ұйымдастыру. Оқу үрдісін мониторингтеу және оқушы жетістіктерін бақылау.
Практикалық сабақтар: - Дәстүрлі тақырыпты заманауи форматқа бейімдеу (ұлттық ою + дизайн); - Өмірмен байланысты шығармашылық тапсырма құрастыру; - Цифрлық құралмен арт-өнім жасау (онлайн дизайн, визуал); - Онлайн форматқа бейімделген тапсырма әзірлеу; - Үй жағдайында орындалатын арт-жоба;		
5– модуль. Оқыту процесіндегі цифрлық технологиялар		
5.1.	Онлайн платформалар және білім беру сервистері (YouTube арнасының бейне- ресурстары, BilimLand және т.б.). «Күнделік» ААЖ, Egov порталымен жұмыс	BilimLand, SMK онлайн ресурстарын тиімді пайдалану. Egov порталы «Күнделік» автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен жұмыс істеуді меңгеру. Оқу процесін жақсарту үшін BilimLand және SMK білім беру порталдарының функционалдығын зерттеу және қолдану. Әлеуметтік желілер, кәсіби платформалар және вебинарлар арқылы кәсіби желілер мен бірлескен жобаларды дамыту. Киберпедагогика негіздері.
5.2.	Көркем еңбек сабақтарында цифрлық ресурстарды қолдану	Білім берудегі қазіргі АІ мүмкіндіктеріне шолу: бейімделген оқыту, автоматтандырылған бағалау, жекелендірілген оқу бағдарламалары. Оқытуды жоспарлау, білім алушылардың белсенділігін бақылау үшін мобильді қосымшаларды меңгеру. Электрондық оқулықтар мен интерактивті контент пайдалану. Веб-ресурстар мен білім беру платформаларын (BilimLand, Znanium, YouTube) қолдану. Онлайн

		тестілеу және бағалау құралдарын пайдалану. Дидактикалық ойындар мен симуляцияларды сабаққа интеграциялау. Цифрлық ресурстар арқылы шығармашылық және жобалық тапсырмаларды ұйымдастыру.
5.3.	Педагогтің цифрлық құзыреттілігі мен soft skills байланысы	Цифрлық құралдарды пайдалану арқылы коммуникация дағдыларын жетілдіру. Онлайн оқытуда көшбасшылық пен фасилитацияны қолдану. Уақытты тиімді басқару және жоспарлау қабілеттерін дамыту. Цифрлық ортада сыни ойлау және мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыру. Оқушылармен виртуалды кері байланыс арқылы эмоционалды интеллектті дамыту. Инновациялық технологияларды сабаққа енгізу арқылы шығармашылық пен адаптивтілікті қолдау. Цифрлық ресурстар арқылы кәсіби рефлексия жүргізу және өздігінен даму

Практикалық тапсырмалар:

- BilimLand платформасында көркем еңбек сабақтарына арналған бейне-ресурстарды табу.
- YouTube арнасынан 2–3 практикалық бейне сабақты қарау.
- «Күнделік» ААЖ арқылы оқушылардың тапсырмаларын бақылау мысалын көрсету.
- Canva немесе Paint 3D арқылы қарапайым дизайн жасау.
- Tinkercad немесе онлайн модельдеу платформасында 3D модель жасау.
- BilimLand немесе YouTube арқылы жаңа техника бойынша шағын көркем еңбек жобасын жасау
- Сабақ барысында қолданылған цифрлық құралдар тізімін жасап, олардың оқытудағы артықшылықтарын сипаттау.

Топтық талқылау: цифрлық құралдарды қолдану барысында коммуникация, креативті ойлау, уақытты басқару, сыни ойлау дағдыларын дамыту.

6 – модуль. Вариативті модуль

6.1.	Қоғамдық сөйлеу және өзіндік презентация. Уақытты басқару және кәсіби жоспарлау	Жеке пікірді нақты әрі сенімді жеткізу техникасы. Қарым-қатынас жасау және аудиторияны тарту әдістері. Уақытты тиімді жоспарлау және сабаққа дайындық стратегиялары. Жеке кәсіби дамуды жоспарлау және мониторинг жүргізу. Презентациялық жобалар арқылы практикалық дағдыларды жетілдіру
6.2.	Тыңдаушылардың сұрақ-жауап кезеңі.	Сұрақ-жауап сессиясы: қатысушылар курстағы тақырыптар бойынша туындаған сұрақтарын

	Сауалнамалармен жұмыс.	қояды, түсіндірулер береді. Сауалнамалар жүргізу: қатысушылардың пікірін, білім деңгейін немесе сабаққа қатысты қажеттіліктерін анықтау. Кері байланыс: алынған сауалнамалар нәтижесі бойынша оқу процесін жетілдіру бағыттарын талқылау.
Практикалық тапсырмалар:		
<i>Қорытынды тестілеу</i>		

Білім беру процесі төмендегі Бағдарламаның оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады (Кесте 3,4).

Кесте – 3. Күндізгі оқу нысанының оқу-тақырыптық жоспары (80 акад. сағ.)

№	Сабақтың тақырыбы	Күндізгі оқыту					Барлығы
		Дәріс	Тәжірибелік жұмыс	Өндірістік/тәжірибелік сабақ	Жоба қорғау	Тест	
1- модуль. Білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері							
1.1.	Қазақстан Республикасындағы білім беру саясатының заманауи бағыттары. Педагогтің кәсіби қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар	1	1				2
1.2.	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және көркем еңбек пәні	1	1				2
1.3.	Педагогтің кәсіби этикасы және жауапкершілігі. Педагог қызметіндегі soft skills дағдыларының нормативтік негіздері	1	1				2
2 - модуль. Психологиялық- педагогикалық модуль							
2.1.	Педагог тұлғасының психологиялық ерекшеліктері. Педагогикалық қарым-қатынас психологиясы	1	1				2
2.2.	Әлеуметтік-эмоционалды оқыту. Көркем еңбек пәні мұғалімінің кәсіби іс-әрекетіндегі эмоционалды интеллект ұғымдары.	1	1				2

2.3.	Конфликтология негіздері және оны басқару жолдары. Педагогтің кәсіби күйзелісінің алдын алу (эмоциялық тұрақтылық)	1	1				2
3 - модуль. Көркем еңбек педагогінің кәсіби құзыреттілігін және soft skills дағдыларын дамытудың педагогикалық шарттары							
3.1.	Біліктілікті арттыру шеңберінде білім беру процесінің тиімділігі мен сапасын мазмұнды арттыратын педагогикалық жағдайлар көркем еңбек пәні педагогінің кәсіби әлеуетін дамытудың басым факторы	2	2				4
3.2.	Көркем еңбек мұғалімінің кәсіби құзыреттері. Soft skills ұғымы және оның педагог кәсібіндегі рөлі	2	2				4
3.3.	Көшбасшылық және фасилитация дағдылары. Өзін-өзі дамыту және кәсіби рефлексия	2	2				4
3.4.	Көркем еңбек пәнін оқытудағы құндылықтарға бағытталған ұстаным – ұйымдастыру әдістері, іске асыру, нәтижелерге қол жеткізу және оқу қызметінде пайдалану. Оқушылардың жүктемесі және қозғалыс белсенділігінің нормалары	2	2	2			6
3.5.	Көркем еңбек сабағын жоспарлаудың жаңа тәсілдері. Көркем еңбек пәні педагогтерінің педагогикалық практикасында медиативтік технологияларды қолдану	2	2	2			6
4– модуль. Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру							
4.1.	Көркем еңбек сабақтарының мазмұнын жаңарту	2	2				4
4.2.	Құзыреттілікке бағытталған оқыту әдістері	1	1				2
4.3.	Интерактивті және белсенді оқыту тәсілдері	1	1				2
4.4.	Сабақта soft skills дағдыларын кіріктіру әдістемесі	1	1				2
4.5.	Көркем еңбек пәні мұғалімдерінің арт-технологиялық құзыреттілігін арттыру	1	3				4

4.6.	Көркем еңбек пәнін қашықтықтан ұйымдастыру	1	3				4
5– модуль. Оқыту процесіндегі цифрлық технологиялар							
5.1.	Онлайн платформалар және білім беру сервистері (YouTube арнасының бейне- ресурстары, BilimLand және т.б.). «Күнделік» ААЖ, Egov порталымен жұмыс	2	2				4
5.2.	Көркем еңбек сабақтарында цифрлық ресурстарды қолдану	2	2	2			6
5.3.	Педагогтің цифрлық құзыреттілігі мен soft skills байланысы	1	1				2
6 – модуль. Вариативті модуль							
6.1.	Қоғамдық сөйлеу және өзіндік презентация. Уақытты басқару және кәсіби жоспарлау	2					2
6.2.	Тыңдаушылардың сұрақ-жауап кезеңі. Сауалнамалармен жұмыс.		1				1
<i>Қорытынды тестілеу</i>						1	1
Барлығы		32	35	8	4	1	80

Кесте – 4. Қашықтықтан оқу нысанының оқу-тақырыптық жоспары (80 акад. сағ.)

№	Сабақтың тақырыбы	Қашықтықтан				Барлығы
		Дәріс (Вебинар)	Өз бетінше жұмыс	Жоба	Тест	
1- модуль. Білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері						
1.1.	Қазақстан Республикасындағы білім беру саясатының заманауи бағыттары. Педагогтің кәсіби қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар	1	1			2
1.2.	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және көркем еңбек пәні	1	1			2
1.3.	Педагогтің кәсіби этикасы және жауапкершілігі. Педагог қызметіндегі soft skills дағдыларының нормативтік негіздері	1	1			2
2 - модуль. Психологиялық- педагогикалық модуль						

2.1.	Педагог тұлғасының психологиялық ерекшеліктері. Педагогикалық қарым-қатынас психологиясы	1	1			2
2.2.	Әлеуметтік-эмоционалды оқыту. Көркем еңбек пәні мұғалімінің кәсіби іс-әрекетіндегі эмоционалды интеллект ұғымдары.	1	1			2
2.3.	Конфликтология негіздері және оны басқару жолдары. Педагогтің кәсіби күйзелісінің алдын алу (эмоциялық тұрақтылық)	1	1			2
3 - модуль. Көркем еңбек педагогінің кәсіби құзыреттілігін және soft skills дағдыларын дамытудың педагогикалық шарттары						
3.1.	Біліктілікті арттыру шеңберінде білім беру процесінің тиімділігі мен сапасын мазмұнды арттыратын педагогикалық жағдайлар көркем еңбек пәні педагогінің кәсіби әлеуетін дамытудың басым факторы	2	3			5
3.2.	Көркем еңбек мұғалімінің кәсіби құзыреттері. Soft skills ұғымы және оның педагог кәсібіндегі рөлі	2	3			5
3.3.	Көшбасшылық және фасилитация дағдылары. Өзін-өзі дамыту және кәсіби рефлексия	2	3			5
3.4.	Көркем еңбек пәнін оқытудағы құндылықтарға бағытталған ұстаным – ұйымдастыру әдістері, іске асыру, нәтижелерге қол жеткізу және оқу қызметінде пайдалану. Оқушылардың жүктемесі және қозғалыс белсенділігінің нормалары	2	3			5
3.5.	Көркем еңбек сабағын жоспарлаудың жаңа тәсілдері. Көркем еңбек пәні педагогтерінің педагогикалық практикасында медиативтік технологиялар-ды қолдану	2	3			5
4– модуль. Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру						
4.1.	Көркем еңбек сабақтарының мазмұнын жаңарту	2	2			4
4.2.	Құзыреттілікке бағытталған оқыту әдістері	1	1			2
4.3.	Интерактивті және белсенді оқыту тәсілдері	1	1			2
4.4.	Сабақта soft skills дағдыларын кіріктіру әдістемесі	2	2			4
4.5.	Көркем еңбек пәні мұғалімдерінің арт-технологиялық құзыреттілігін арттыру	2	2			4
4.6.	Көркем еңбек пәнін қашықтықтан ұйымдастыру	2	2			4

5– модуль. Оқыту процесіндегі цифрлық технологиялар					
5.1.	Онлайн платформалар және білім беру сервистері (YouTube арнасының бейнересурстары, BilimLand және т.б.). «Күнделік» ААЖ, Egov порталымен жұмыс	1	3		4
5.2.	Көркем еңбек сабақтарында цифрлық ресурстарды қолдану	2	3		5
5.3.	Педагогтің цифрлық құзыреттілігі мен soft skills байланысы	2	1		3
6 – модуль. Вариативті модуль					
6.1.	Қоғамдық сөйлеу және өзіндік презентация. Уақытты басқару және кәсіби жоспарлау	1	1		2
6.2.	Тыңдаушылардың сұрақ-жауап кезеңі. Сауалнамалармен жұмыс.		1		1
<i>Қорытынды тестілеу</i>				1	1
Барлығы		33	42	4	80

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Біліктілікті арттыру курстары күндізгі және қашықтықтан оқыту форматында осы бағдарламаға, оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес ұйымдастырылады. Курстың ұзақтығы – 80 академиялық сағат (күндізгі оқыту кезінде, теориялық -32, практикалық – 35, өндірістік/тәжірибелік сабақтар – 8, жоба қорғау- 4, қорытынды тестілеу – 1 академиялық сағаттан; қашықтықтан оқыту кезеңінде, теориялық - 33, практикалық – 42, жоба қорғау - 4, қорытынды тестілеу – 1 академиялық сағаттан). 1 академиялық сағат – 45 минут. Оқу күні 8 академиялық сағаттан тұрады.

Күндізгі оқыту нысанында дәріс, тәжірибелік жұмыс, өндірістік және тәжірибелік сабақтар, жобаны қорғау, тестілеу секілді оқытудың әдістері қолданылады.

Өндірістік/тәжірибелік сабақтар мектептерге бару арқылы немесе виртуалды платформалар арқылы жүргізіледі. Аталған білім беру бағдарламасы бойынша сабақтар орталықтың келісімдері негізінде «Жайық дарыны», «Зейін» мектептерінде іске асырылады.

Бағдарламаны қашықтықтан іске асыру кезінде дәрістер вебинарлар түрінде, өз бетінше онлайн жұмыстар, жобаны қорғау және тестілеу іске асырылады. Сабақтарды online болған жағдайда Google Meet, ZOOM және т.б. платформасында өткізу ұсынылады.

Тестілеу орталықтың арнайы дайындалған бағдарламалық тестілеу порталында жүргізіледі.

Оқу сабақтарының барлық түрлері оқу сабақтарының кестесіне сәйкес жүргізіледі. Сабақ кестесі курс басталмастан бұрын орталықтың сайтына орналастырылады.

Оқу процесі курс қатысушыларымен өзара әрекеттесудің әртүрлі формаларын қамтиды: дәріс, семинар, тренинг, практикалық жұмыс, шағын сабақтың презентациясы, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу.

Курс тыңдаушыларында міндетті түрде Google корпорациясының барлық сервистерін пайдалануға арналған ортақ аккаунттар (аккаунттар) жүйесі болу керек.

Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында кіру және шығу тестілеуі, жобалау жұмысын қорғау және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

Оқытудың білім беру процесі оқыту мен оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қамтиды: кейс-технология, баскет-әдіс (проблемалық иммитациялау), практикалық жұмыс, көшпелі практикалық сабақ, тренинг, мастер-класс, конференция, дөңгелек үстел, жобалық жұмыстың таныстырылымы, рөлдік ойындар, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу, эссе, тестілеу, тыңдаушыны өз бетінше оқыту, электрондық интерактивті практикум.

Тыңдаушыларға өткен материалды оқу және бекіту үшін курс материалдары беріледі. Курс бойынша барлық оқу-материалдық ресурстар орталықтың IQ.Academy платформасына орналастырылады.

Бағдарламаны іске асыруды орталықтың оқытушылары, сондай-ақ ғылым дәрежесі бар педагогтер (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор), магистрлік академиялық дәрежесі бар және (немесе) «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаттарына ие мамандар жүзеге асырады.

7. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі тыңдаушылардың жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуіне бағытталған тиімді оқыту әдістері мен заманауи дидактикалық тәсілдер жүйесін қамтиды. Бағдарлама құзыреттілікке бағытталған, тәжірибеге негізделген және рефлексиялық оқыту қағидаттарына сүйене отырып іске асырылады.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында интерактивті, белсенді және қатысымдық оқыту әдістері кеңінен қолданылады. Атап айтқанда, тренингтер, практикалық сабақтар, кейс-стади, топтық және жұптық жұмыстар, пікірталас, рөлдік ойындар, жобалық қызмет, микрооқыту, өзіндік және өзара бағалау әдістері пайдаланылады. Бұл тәсілдер педагогтердің коммуникативтік

қабілеттерін, сыни ойлауын, көшбасшылық қасиеттерін, эмоциялық интеллектін және кәсіби рефлексия дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Оқу процесінде цифрлық білім беру ресурстары мен онлайн платформалар (бейне дәрістер, презентациялар, интерактивті тапсырмалар, сауалнамалар, кері байланыс құралдары) қолданылып, педагогтердің цифрлық құзыреттілігі мен soft skills дағдыларының өзара байланысы қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар тыңдаушылардың кәсіби тәжірибесін ескере отырып, нақты педагогикалық жағдаяттарға негізделген тапсырмалар ұсынылады.

Курстың оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне мыналар кіреді:

- курстың оқу бағдарламасы (оқу әдістемелік кешен)
- әдістемелік құралдар, әдістемелік ұсынымдар, әзірлемелер, нұсқаулар;
- бейнематериалдар;
- интернет-ресурстар;
- оқулықтар, оқу құралдары, анықтамалықтар, тапсырмалар;
- білім беру платформалары;
- модульдік оқу-әдістемелік кешен (МОӘК): әр модульге арналған теориялық материал, практикалық тапсырмалар, өзіндік жұмысқа арналған нұсқаулық
- презентациялар мен бейнесабақтар: модульдерге сәйкес
- кадамдық нұсқаулықтар: цифрлық құралдары қолдану бойынша
- пәнді оқытудың барлық курсына арналған оқу жоспарын орындау бойынша жұмыс бағдарламасы;
- сабақ жоспарлары, дәріс материалдары, курстың жекелеген тақырыптарын әзірлеу;
- мемлекеттік білім беру стандартының талаптары (базалық және жоғары деңгейлер).
- сабақ барысында тыңдаушылардың білімін есепке алу және бақылау бойынша материалдар (топтар бойынша, жеке, сараланған).

Курс бойынша барлық оқу-материалдық ресурстар орталықтың IQ.Academy платформасына орналастырылады. Тыңдаушылар жүйеге тіркеліп, өзіне қажетті ресурстарды жүктей алады. Тест бөлімі бойынша қорытынды тестілеуге дайындық жұмыстарын жүргізеді.

Кесте 5 -Оқу-әдістемелік материалдар

№	Материал түрі	Мазмұны	Форматы
1	Оқу-әдістемелік құрал	Soft skills ұғымы, құрылымы, көркем еңбек сабақтарында дамыту жолдары	Баспа, PDF
2	Дәріс материалдары	Коммуникативтік дағдылар, сыни ойлау, уақытты басқару, өзіндік презентация	Презентация (PPT), PDF

3	Практикалық тапсырмалар жинағы	Топтық жұмыс, рөлдік ойындар, кейс тапсырмалар, тренинг элементтері	PDF, баспа
4	Сабақ жоспарларының үлгілері	Soft skills кіріктірілген көркем еңбек сабағының жоспарлары	Word, PDF
5	Бейнематериалдар	Қоғамдық сөйлеу, кері байланыс беру, эмоциялық интеллект бойынша бейнесабақтар	Онлайн бейне
6	Цифрлық ресурстар	BilimLand, YouTube білім беру арналары, онлайн тапсырмалар	Онлайн платформа
7	Рефлексиялық материалдар	Өзін-өзі бағалау парақтары, сауалнамалар, кері байланыс формалары	Google Forms, PDF
8	Әдістемелік ұсынымдар	Сабақта soft skills дамыту әдістері мен тәсілдері	PDF
9	Нормативтік-құқықтық материалдар	Біліктілікті арттыруға қатысты ҚР БҒМ құжаттары	PDF, сілтеме

Кесте 6 - Цифрлық ресурстар мен платформалар:

№	Атауы	Мақсаты	Сілтеме
1	Twinkl – Art & Design ресурстары	Көркем еңбек пен дизайнға арналған дайын сабақ материалдары, интерактивті тапсырмалар мен үлгілер	https://www.twinkl.com/subjects/art-and-design
2	OER Commons	Ашық қолжетімді білім беру ресурстары; өнер және шығармашылық сабақтарға арналған материалдар іздеу	https://www.oercommons.org
3	Teachers Pay Teachers (TPT)	Мұғалімдер жасайтын көркем еңбек сабақ жоспарлары, тапсырмалар және идеялар базасы	https://www.teacherspayteachers.com
4	Art21	Қазіргі өнер және сурет біліміне арналған видеолар мен материалдар, шығармашылық тақырыптарды талдау	https://art21.org/

5	Photopea	Онлайн-редактор (Photoshop-қа балама), көркем дизайн мен визуалды тапсырмалар жасауға	https://www.photopea.com (netart.commonsgc.cuny.edu)
6	Autodraw	AI-құралмен жылдам сурет сызу және идеяларды визуалды түрде жасау	netart.commonsgc.cuny.edu
7	YouTube – Art tutorials	Жұмыс үлгілері, техника көрсетілімдері, көркем еңбек бойынша видеосабактар	https://www.youtube.com
8	CreativeONES Digital Art Academy	Сандық арт және графикалық дизайнды үйрететін онлайн ресурстар мен видеолар	https://learning.creativeones.art/schools/

8. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Оқыту нәтижелерін бағалау пән саласының ерекшеліктерін, тыңдаушылардың кәсіби тәжірибесін және soft skills дағдыларын қалыптастырудың практикалық сипатын ескере отырып ұйымдастырылады. Бағалау жүйесі қалыптастырушы және қорытынды бағалауды қамтып, тыңдаушылардың коммуникативтік, әлеуметтік, тұлғалық және кәсіби құзыреттерінің даму деңгейін анықтауға бағытталады.

Бағалау барысында тәжірибеге негізделген тиімді әдістер қолданылады. Атап айтқанда, практикалық тапсырмаларды орындау, кейс-жағдаяттарды талдау, рөлдік ойындар, топтық жобалар, өзіндік презентация, пікірталасқа қатысу, портфолио жинақтау, рефлексиялық тапсырмалар және өзара бағалау әдістері жүзеге асырылады. Бұл тәсілдер тыңдаушылардың теориялық білімін тәжірибеде қолдану қабілетін, сыни ойлауын, өз ойын еркін жеткізуін және кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындығын бағалауға мүмкіндік береді.

Бағалау критерийлері алдын ала айқындалып, ашықтық пен әділдік қағидаттарына негізделеді. Тыңдаушыларға жүйелі кері байланыс беріліп, олардың жеке даму траекториясын түзетуге жағдай жасалады. Қорытынды бағалау курсты меңгеру нәтижесінде қалыптасқан soft skills дағдыларының деңгейін кешенді түрде айқындауға бағытталады.

Кесте 7 - Модульдер бойынша оқыту нәтижелерін бағалау:

Модуль атауы	Күтілетін нәтиже	Бағалау критерийлері	Бағалау тәсілі
--------------	------------------	----------------------	----------------

1. Білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері	Тыңдаушы білім беру саласының нормативтік-құқықтық негіздерін түсінеді; білім беру құжаттарын қолдана біледі	Білім беру құжаттарын дұрыс пайдалану, нормативтік талаптарды сипаттау	Тест, қысқа сұрақ-жауап, талдау тапсырмасы
2. Психологиялық-педагогикалық модуль	Педагогикалық жағдайларда психологиялық-педагогикалық әдістерді қолдана алады; оқушылармен қарым-қатынаста тиімді әрекет етеді	Психологиялық-педагогикалық әдістерді дұрыс таңдау және қолдану	Практикалық тапсырма, кейс-талдау, рөлдік ойын
3. Көркем еңбек педагогінің кәсіби құзыреттілігін және soft skills дағдыларын дамытудың педагогикалық шарттары	Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі және soft skills дағдылары дамиды	Коммуникация, командалық жұмыс, креативтілік, өзін-өзі бағалау	Шығармашылық жұмыс, рефлексия, бақылау парағы
4. Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру	Сабақ мазмұнын тиімді құру және заманауи оқыту әдістерін қолдану	Сабақ жоспарының құрылымы, әдістемелік тиімділігі	Практикалық сабақ жоспарын әзірлеу, топтық жұмыс, бағалау парағы
5. Оқыту процесіндегі цифрлық технологиялар	Цифрлық құралдарды сабақта қолдану, онлайн ресурстарды тиімді пайдалану	Цифрлық ресурстар мен платформаларды дұрыс қолдану, визуализация және презентация	Практикалық тапсырма, онлайн демонстрация, қорғау
6. Вариативті модуль	Жеке таңдалған тақырып бойынша кәсіби және шығармашылық	Шығармашылық, практикалық және коммуникативтік көрсеткіштер	Презентация, өзін-өзі бағалау, кері байланыс

	дағдыларды көрсету		
--	--------------------	--	--

Кесте 8 -Бағалау түрлері мен құралдары:

Бағалау кезеңі	Бағалау түрі	Бағалау құралдары	Қысқаша сипаттама
Кіріспе кезең	Диагностикалық бағалау	Сауалнама, бастапқы тест, өзін-өзі бағалау парағы	Тыңдаушылардың бастапқы білім деңгейін, soft skills дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау
Курс барысында	Қалыптастырушы бағалау	Практикалық тапсырмалар, кейс-талдау, тренингтік жаттығулар, рөлдік ойындар	Оқу үдерісінде білім мен дағдылардың меңгерілуін бақылау, кері байланыс беру
Модуль соңында	Аралық бағалау	Тест, жобалық жұмыс, портфолио, презентация	Әр модуль бойынша оқу нәтижелерінің орындалу деңгейін анықтау
Курс барысында	Өзара бағалау	Бағалау парақтары, чек-парақтар, пікір білдіру	Тыңдаушылардың бір-бірінің жұмысын бағалау арқылы рефлексия мен сыни ойлауды дамыту
Курс барысында	Өзін-өзі бағалау	Рефлексиялық күнделік, сауалнама, чек-парақ	Тыңдаушының жеке даму динамикасын талдауы
Қорытынды кезең	Қорытынды бағалау	Қорытынды презентация. Қорытынды тест	Курсты меңгеру нәтижесінде қалыптасқан кәсіби және soft skills дағдыларын кешенді бағалау

Кесте 9 - Оқыту нәтижелеріне сәйкес бағалау критерийлері

№	Күтілетін нәтиже	Бағалау индикаторлары
1	Көркем еңбек пәнін оқытуда кәсіби және soft skills дағдыларын үйлестіре алады	Сабақ жоспарына soft skills элементтерін кіріктіруі; педагогикалық жағдаяттарды тиімді шешуі; әдістемелік шешімдерінің негізділігі
2	Педагогикалық қарым-қатынасты тиімді ұйымдастырады және эмоционалдық тұрақтылықты сақтайды	Қарым-қатынас стратегияларын қолдануы; эмоцияны басқару тәсілдерін көрсетуі; конфликт жағдайында сындарлы шешім ұсынуы
3	Көшбасшылық және фасилитациялық тәсілдерді оқу процесінде қолданады	Топтық жұмысты ұйымдастыруы; фасилитациялық әдістерді пайдалануы; қатысушылардың белсенділігін арттыруы
4	Сабақта soft skills дағдыларын кіріктіріп, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра алады	Құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар құрастыруы; оқушылардың ойлау, сөйлеу және талдау дағдыларын дамытуы
5	Цифрлық ресурстар мен онлайн сервистерді мақсатты пайдаланады	Цифрлық платформаларды тиімді таңдауы; цифрлық тапсырмалар дайындауы; онлайн кері байланысты ұйымдастыруы
6	Кәсіби қызметіне рефлексия жасап, жеке даму траекториясын құра алады	Рефлексиялық талдау жасауы; кәсіби даму жоспарын әзірлеуі; өзін-өзі бағалау нәтижелерін негіздеуі

Өзін-өзі бағалау парағы үлгісі

№	Мақсат	Орындадым (иә/жоқ)	Түсініктеме
1	Көркем еңбек сабағында soft skills дағдыларын кіріктіруді үйрендім		
2	Педагогикалық қарым-қатынасты тиімді ұйымдастыру тәсілдерін қолдандым		
3	Эмоционалдық интеллект пен күйзелісті басқару әдістерін меңгердім		
4	Көшбасшылық және фасилитациялық тәсілдерді оқу процесінде пайдаландым		
5	Құзыреттілікке бағытталған сабақ жоспарын әзірледім		
6	Цифрлық ресурстар мен онлайн сервистерді сабақта мақсатты қолдандым		

7	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар құрастырдым		
8	Өз кәсіби қызметіме рефлексия жасап, даму бағыттарын айқындадым		
9	Уақытты басқару дағдыларын тәжірибеде қолдандым		
10	Курс барысында алған білімімді кәсіби қызметімде қолдануға дайынмын		

Қорытынды аттестаттау тестілеу түрінде өтеді. Сұрақтардың жалпы саны – 20. Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін дұрыс жауаптардың 60% және одан жоғары балл жинау қажет. Шекті деңгей - 12 балл. Әрбір дұрыс жауап үшін 1 балл беріледі.

Қорытынды балл пайызбен есептеледі:

- 90–100% – Жоғары нәтиже
- 75–89% – Жақсы
- 60–74% – Қанағаттанарлық
- <60% – Қайта тапсыру қажет

Сертификат тек нәтижелері оң болған тыңдаушыларға беріледі

Тыңдаушылар қорытынды аттестаттауды бастамас бұрын «ProctorEdu» бағдарламасы арқылы прокторингтен өтеді. Жазбалар орталықтың мұрағатында сақталады.

Кесте 10 - Қорытынды тесттің құрылымы

Модульдер	Тест сұрақтарының саны
1- модуль. Білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері.	2
2 - модуль. Психологиялық- педагогикалық модуль.	2
3 - модуль. Көркем еңбек педагогінің кәсіби құзыреттілігін және soft skills дағдыларын дамытудың педагогикалық шарттары.	7
4— модуль. Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру.	6
5— модуль. Оқыту процесіндегі цифрлық технологиялар.	2
6 – модуль. Вариативті модуль.	1
Барлығы	20 сұрақ

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтерді курстан кейінгі қолдаудың түрлері:

1. Онлайн-консультациялар және вебинарлар

- Курстан кейін 3 ай ішінде айына 1 рет тегін онлайн-консультациялар ұйымдастырылады.

- Тыңдаушылар қателіктерімен жұмыс, тәжірибе алмасу, жаңартылған платформалармен танысу мүмкіндігіне ие болады.

2. Педагогтер қауымдастығы / Telegram немесе WhatsApp чаты. Курс тыңдаушыларына арналған қолдау тобы ашылады.

Қатысушылар:

- сұрақ қою, тәжірибе бөлісу, әдістемелік көмек сұрау мүмкіндігіне ие болады;

- оқу материалдары, сабақ жоспарлары, презентациялар алмасады.

3. Менторлық және тәлімгерлік қолдау

- Курсты ұйымдастырушылар мен тренерлер жекелеген сұраныс бойынша менторлық қолдау ұсынады.

- Педагог нақты сабағына soft skills дағдыларын кіріктіруде әдістемелік көмек ала алады (бір реттік немесе бірнеше сессия түрінде).

4. Электрондық ресурс базасына қолжетімділік. Қатысушыларға арнайы IQ.Academy платформасында «Курстан кейінгі қолдау» бөлімі қолжетімді болады.

Онда:

- презентациялар, видео-нұсқаулықтар;

- дайын шаблондар мен тест үлгілері орналастырылады.

5. Курстан кейінгі кері байланыс және мониторинг. Курстан кейінгі 3 айда сауалнама немесе шағын талдау жүргізіледі.

- «Soft skills дағдыларын нақты сабақта қолдану жиілігі»

- «Қиындықтар мен жетістіктер»

- «Жеке даму жоспарының орындалуы»

6. Сертификатталған тыңдаушылардың тәжірибесін тарату

- Үздік тыңдаушылар облыстық/республикалық семинарларға, дөңгелек үстелдерге спикер ретінде шақырылады.

- «Soft skills дағдыларын кіріктіріліп өткізілген үздік сабақ үлгісі» бойынша онлайн байқаулар ұйымдастырылады.

Кесте 11 - Тыңдаушыларды курстан кейін қолдауды іске асыру нысандары

№	Қолдау нысаны	Қолдау мерзімі	Жауаптылар	Нәтижені өлшеу индикаторлары
1	Онлайн кеңестер (Google Meet, Zoom)	3 ай	Әдіскер, тренер	Қатысу саны, кері байланыс сапасы,

				туындаған мәселелердің шешілуі
2	Электрондық ресурстарға қол жеткізу (BilimLand, Google Classroom, YouTube)	6 ай	Оқу бөлімінің мамандары	Ресурстарды пайдалану статистикасы, материалдарды қолдану көрсеткіші
3	Вебинарлар, мастер-класстар	6 ай	Тренерлер, тәжірибелі педагогтер	Қатысу саны, интерактивті тапсырмаларды орындау деңгейі
4	Портфолио және тәжірибе бөлісу	6 ай	Педагогтер, әдіскер	Портфолио жаңартылғаны, жаңа сабақ үлгілерінің саны, peer-review нәтижесі
5	Коучинг және менторинг сессиялары	3–6 ай	Тәжірибелі педагог, тренер	Жеке даму траекториясын жасау, soft skills дағдыларының жетілу деңгейі
6	Қолданбалы зерттеулер мен тәжірибелік есеп беру	6 ай	Тренер, әдіскер	Жұмысқа енгізілген әдістемелер саны, тәжірибелік есептің сапасы

10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Нормативтік және құқықтық актілер:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 02.09.2024 жыл. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659>

2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319-III Заңы;

3. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы;

4. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы;

5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (3,4 қосымшалары);

6. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы (66 қосымшасы).

7. «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы;

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары» туралы 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы;

9. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы;

10. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы;

11. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4

мамырдағы № 175 бұйрығы;

12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы (2023ж. 03.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

13. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы (2022 жылғы 01 сәуірдегі өзгерістер мен толықтырулармен; 2019 жылғы 26 шілдедегі №545; № 352 толықтырулармен);

14. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылған «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат (05.06.2025 жылғы №2 хаттама).

Негізгі әдебиеттер:

1. Негізгі мектеп білім алушыларының ақпараттық-технологиялық құзыретін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 80 б.

2. Орта білім беру ұйымдарының оқу процесінде заманауи педагогикалық технологияларды іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – 160 б.

3. Сағынтаева А., Қамбатырова Ә., Қарабасова Л., Қанай Г., Әлмұхамбетова А. Білім беру зерттеулеріне кіріспе: теория, әдістер және тәжірибелер. Монография / – Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университеті. Жоғар білім беру мектебі, 2022 – 232 б.

4. Ерғалиева Г., Тұрсынбаева А. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі мен soft skills. – Алматы: Атамұра, 2021. – 180 б.

5. Таутенбаева А.А., Абыканова Б.Т., Кусаинов Г.М., Турмуханова Г.Б., Бекова Г.Т., Бақтыгеррев А.Ғ. Формирование soft skills в профессиональном развитии педагогов. Алматы: Balausa Vaspasy, 2024. – 204 с.

6. Отарбаева Л.Л., Адилханова М.Т. – «Soft skills в педагогической деятельности» Методическое пособие. - Актобе, 2021. 109 стр.

7. Мектептің даму бағдарламасын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана қаласы: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 128 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. OECD Skills Outlook 2025: Building the Skills of the 21st Century for All. https://www.oecd.org/en/publications/2025/12/oecd-skills-outlook-2025_ac37c7d4.html?utm_source=chatgpt.com

2. Ұлттық және отбасылық құндылықтарды қалыптастыру Әдістемелік

ұсынымдар.– Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 85 бет

3. Bilim Land рассказали, как снимались школьные видеоуроки (Қарау күні 2 мамыр 2025 жыл): <https://strategy2050.kz/ru/news/v-bilim-land-rasskazali-kak-snimalis-shkolnyevideouroki/>

4. Development of pedagogical competences for future primary school teachers through distance learning. Cakrawala Pendidikan, Vol. 43 No. 2, 2024: https://jurnal.uny.ac.id/index.php/cp/article/view/55290?utm_source=chatgpt.com

5. Soft Skills in Education: Putting the evidence in perspective. Springer, 2020: https://link.springer.com/book/10.1007/978-3-030-54787-5?utm_source=chatgpt.com

6. Сутеева М.А., Тилеужанова Р.А., Тайманова З.Б. «Оқу процесінде студенттердің икемді дағдыларын (soft skills) дамыту: практикалық тәсілдер мен әдістер». Педагогика ғылымдары, №4 (78), 2024:

7. Санатбай П.А., Шалғынбаева Қ.Қ., Тауекелова А.Е. Әлеуметтік педагогты кәсіби даярлауда soft skills дағдыларын дамыту мүмкіндіктері. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы, 143(2), 273–284, 2023. https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/505?utm_source=chatgpt.com

8. Стамбекова А.С., Нуржанова С.А., Сейітказы П.Б. Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында болашақ білім педагогтерінің soft skills дамыту жолдары. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы, 145(4), 185–197, 2023. https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/505?utm_source=chatgpt.com

9. Sysoieva S. Pedagogical Creativity. Development of Artistic and Creative Competence of Teacher and Student // Continuing Professional Education: Theory and Practice. – 2024. – DOI:10.28925/2412-0774.2024.3.2. https://npo.kubg.edu.ua/article/view/314179?utm_source=chatgpt.com

10. Daynova G., Karimova L., Levina I., Politaeva T. Artistic Creativity as a Basis for a Future Professor-Musician's Socio-Communicative Competence Development // European Proceedings. – 2020. https://www.europeanproceedings.com/article/10.15405/epsbs.2020.11.39?utm_source=chatgpt.com

11. MDPI Editorial Team. Problem-Oriented Learning as a Method of Developing Soft Skills Among Students of Pedagogical Specialties // Education Sciences. – 2025. – 15(7):861. https://www.mdpi.com/2227-7102/15/7/861?utm_source=chatgpt.com

12. ArtSEL. (2021). Өнер біліміндегі әлеуметтік-эмоционалдық оқыту шеңбері. ArtSEL.org – Arts Integrated with Social Emotional Learning ресурстары. Қолжетімді: <https://www.artsel.org/>

13. Performative Approaches in Arts Education: Artful Teaching, Learning, and Research – Routledge, 2023 https://www.routledge.com/Performative-Approaches-in-Arts-Education-Artful-Teaching-Learning-and-Research/Ostern-Knudsen/p/book/9780367662127?utm_source=chatgpt.com